

"Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026 жылғы 30 мамырдағы № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 1 маусымда № 38850 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12665 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жұмыскерлердің, басшылардың және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуын, нұсқама беруін және білімін тексеруді жүргізу қағидалары мен мерзімдері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

А. Ертаев

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 223 Бұйрыққа қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 1019 бұйрығымен
бекітілген

Жұмыскерлерді, басшыларды мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді және білімін тексеруді жүргізу қағидалары мен мерзімдері

1-тарау. Жалпы қағидалар

1. Осы Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді және білімін тексеруді өткізу қағидалары мен мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 16-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, оларға нұсқау беру және білімін тексерудің тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы кәсіптік құзыреттер – белгілі бір салада еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиімді кәсіби қызмет үшін ұйымның басшылары мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарға қажетті құзыреттер;

2) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай цифрлық жүйесі (бұдан әрі – БЦЖ) – халыққа әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мақсатында уәкілетті мемлекеттік органның, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың, еңбек ұтқырлығы орталықтарының, мансаптық орталықтардың, Еңбек ресурстарын дамыту орталығының және ведомствоаралық өзара іс-қимылдың цифрлық жүйесі;

3) Бірыңғай оқу-әдістемелік орталығы – ақылы қызметтер көрсету арқылы өз қаражаты есебінен өз қызметін жүзеге асыратын және ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімді тексеруді, үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуді және оқытуды қамтамасыз ететін, "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – БОӘО);

4) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) еңбек қауіпсіздігі – еңбек қызметі процесінде жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген жұмыскерлердің қорғалу жай-күйі;

6) жалпы кәсіптік құзыреттер – еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі тиімді кәсіби қызмет үшін ұйымның басшылары мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарға қажетті құзыреттер;

7) куәлік – жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар, нормалар мен нұсқаулықтар бойынша білімін тексеру емтиханынан өткенін растайтын, қағаз немесе цифрлық нысандағы, бірегей цифрлық сипаттамалары бар және цифрлық орта субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде иелену, пайдалану немесе билік ету құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құжат;

8) қауіпсіздік нормалары – жұмыскерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ұйымдастырушылық, техникалық, санитариялық-гигиеналық, биологиялық және өзге де нормаларды, қағидаларды, рәсімдер мен критерийлерді қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын сапалық және сандық көрсеткіштер;

9) қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтан, оның ішінде цифрлық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып өзара іс-қимыл жасауы кезінде жүзеге асырылатын оқыту;

10) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіби міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану қабілеті;

11) оқытушы ұйымы – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын, еңбек қауіпсіздігі және Еңбекті қорғау жөніндегі ұйымдардың тізбесіне енгізілген ұйым;

12) оқытушы ұйымдарының тізбесі – БЦЖ-де еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын, оқытушы ұйымдар туралы ақпаратты қамтитын деректер базасы;

13) наряд-рұқсаттама – қағаз немесе электрондық нысандағы, онда жұмыстардың мазмұны мен орындалу орны, олардың басталу және аяқталу уақыты, қауіпсіз орындау шарттары, қажетті қауіпсіздік шаралары, бригада құрамы, жауапты адамдар және тәуекелдерді бағалау нәтижелері көрсетілетін, жоғары қауіпті жұмыстарды орындауға рұқсат беретін құжат;

14) бірыңғай сертификаттар тізбесі – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында оқудан және білімін тексеруден өту нәтижелері бойынша берілген сертификаттар туралы мәліметтерді қамтитын, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган БЦЖ-нде қалыптастыратын және жүргізетін цифрлық деректер базасы;

15) электрондық сертификат – басшылар мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруден өткенін растайтын, бірегей цифрлық сипаттамалары бар және цифрлық орта субъектілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген көлемде иелену, пайдалану немесе билік ету құқықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, оқытушы ұйым БЦЖ-нде тіркеген электрондық құжат (бұдан әрі – сертификат).

3. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқуға мыналар жатады:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамалар;

2) жұмыс орнында тағылымдамадан өту;

3) еңбек қызметі барысында қауіпсіз еңбек әдістері (дағдыларына) оқыту (оқытудың барлық түрлері мен нысандары бойынша);

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында біліктілікті арттыру.

4. Жұмысқа қабылданған, сондай-ақ басқа жұмысқа ауыстырылатын жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан кейін жұмыс беруші белгілеген, бірақ еңбек шарты жасалғаннан немесе оның талаптары өзгертілгеннен кейін бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде білімін тексеруден өтеді.

2-тарау. Жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және білімін тексеруді өткізу тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басшылар мен тұлғаларды қоспағанда

5. Жұмыскерлерге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кезекті оқыту және білімін тексеру жылына бір реттен сиретпей өткізіледі.

6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан және білімін тексеруден өтпеген жұмыскерлер жұмысқа жіберілмейді.

Жұмыскерді басқа жұмыс орнына немесе басқа құрылымдық бөлімшеге, сол кәсіп (лауазым) шеңберінде ауыстырған кезде, егер жұмыскердің еңбек жағдайлары өзгермесе

, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптары бойынша қайта оқыту және білімін тексеру талап етілмейді.

7. Кәсіптер (лауазымдар) тізбесін және оқыту жүргізілетін жұмыстардың тізбесін, сондай-ақ оқыту тәртібі мен нысанын жұмыс беруші кәсіптің сипатына, жұмыстардың түріне, өндірістің ерекшелігіне және еңбек жағдайларына қарай, қызметкерлер өкілдерімен (бар болған жағдайда) келісу арқылы айқындайды.

8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруге жататын жұмыскерлерді жұмыс беруші оны өткізу басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей ескертіледі.

9. Жұмыстардың, лауазымның, кәсіптің осы түрі бойынша үш және одан да көп жыл, ал қауіптілігі жоғары жұмыстарда бір жылдан астам үзілісі бар жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту мен білімін тексеруден өзіндік жұмысы басталғанға дейін өткізіледі.

10. Жұмыскерлердің жұмыс берушіде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытуын жұмыс берушінің құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі ұйымдастырады.

Мұндай құрылымдық бөлімше болмаған жағдайда жұмыс беруші осы Қағидалардың 77-тармағына сәйкес оқытушы ұйымдарының тізбесіне енгізілген оқытушы ұйымын тартады.

Оқытуға өндіріс бейіні бойынша басшылар, бас мамандар, құрылымдық бөлімшелердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдары, еңбек қауіпсіздігі бойынша техникалық инспекторлар, ұйымның өзінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметінің мамандары, кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар және осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес сертификаттары барлар дәріскерлер ретінде тартылады.

11. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқу бағдарламалары осы ұйымның ерекшелігін ескере отырып теориялық және өндірістік оқытуды қамтиды және жұмыс берушінің актісімен бекітіледі.

12. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша теориялық оқыту қауіпсіздік және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын, жұмыс орны мен жабдық ерекшеліктерін және жұмыстарды орындау кезінде туындайтын тәуекелдерді ескереді.

Теориялық оқытудың ұзақтығы кемінде 10 (он) академиялық сағатты құрайды.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдері бойынша өндірістік оқыту нақты еңбек операцияларын, кәсіптерді орындау үшін қажетті практикалық дағдылар мен біліктерді қалыптастыруға бағытталады және шынайы өндіріс жағдайына барынша жақын ортада, жұмыс орындарында, полигондарда (жаттығу тренажерлері мен симуляторларда), кәсіпорындарда арнайы

ұйымдастырылған алаңдарда жүргізіледі, ол ұйымның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты басшылары мен тұлғаларының (бұдан әрі – жауапты жұмыскерлер) басшылығымен өткізіледі.

Өндірістік оқытудың ұзақтығы орындалатын жұмыстардың түрлеріне, олардың күрделілігіне, технологиялық процеске байланысты белгіленеді және 16 (он алты) сағаттан кем болмауы тиіс.

13. Еңбек қауіпсіздігінің заңнамада белгіленген арнайы талаптары қойылатын жұмыстармен байланысты жекелеген өндірістерде жұмыскерлер қосымша арнайы оқудан өтеді.

14. Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімдерін тексерумен (емтиханмен) аяқталады.

15. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімдерді тексеруді жұмыс берушінің актісімен құрылатын, кемінде 3 (үш) адамнан тұратын емтихан комиссиясы өткізеді және комиссия төрағасы мен осы Қағидалардың 23-тармағында көзделген мамандардың ішінен комиссия мүшелерінен тұрады. Емтихан комиссиясының жұмысына жұмыскер өкілдерінің (бар болса) қатысуы міндетті.

16. Емтихан комиссиясының қызметі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

17. Емтихан комиссиясының жұмыс тәртібі жұмыс берушінің актісімен белгіленеді.

18. Жұмыскерлердің білімдерін тексеру нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға төраға және емтихан комиссиясының мүшелері қол қояды. Қағидалардың нормалар мен нұсқаулықтардың білімін тексеру жөніндегі емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы қағаз жеткізгіште немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес емтихан комиссиясы төрағасының және мүшелерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында ресімделеді.

19. Емтиханды сәтті тапсырған жұмыскерге қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар, нормалар мен нұсқаулықтар бойынша білімін тексеру емтиханынан өткені туралы куәлік осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес қағаз немесе цифрлық түрде беріледі.

Электрондық нысандағы куәлік емтихан комиссиясы төрағасының ЭЦҚ-сымен қол қойылады.

20. Жұмыскер қанағаттанарлықсыз деген баға алған кезде білімін қайта тексеру бір айдан кешіктірмей белгіленеді. Жұмыскер қайта оқудан өтеді және білімін тексеруге дейін жұмыскер Кодекстің 48-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәртіппен жұмыстан шеттетіледі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жұмыскер білімін тексеруден қайта өтпеген жағдайда, жұмыс беруші Кодекстің 52-бабы 5-тармағына

сәйкес, еңбек шартын бұзуға немесе өз қалауы бойынша жұмыскерді оқытуға және білімін тексеруге қайтадан жіберуге құқылы.

3-тарау. Басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан өткізу тәртібі мен мерзімдері

21. Басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар күндізгі немесе қашықтықтан оқытушы ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жалпы және арнайы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқытудан өтеді.

22. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жауапты жұмыскерлердің оқытылуы және білімін тексеруі үш жылда бір рет жүргізіледі және келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) жалпы кәсіптік құзыреттерді дамыту;

2) сала ерекшелігін және өндіріс бейінін ескере отырып арнайы кәсіптік құзыреттерді дамыту.

23. Жауапты жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту (сабақтар, дәрістер, семинарлар) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша дәріскердің (бұдан әрі – ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлер) электрондық сертификаттары бар мамандарды, бейінді оқу орындарының оқытушыларын, заңгерлерді, инженерлік-техникалық жұмыскерлерді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ірі өнеркәсіптік ұйымдардың мамандарын тартумен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

24. Ұйымдар қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жауапты қызметкерлердің тізімдерін және оқыту мен білімін тексеру кестелерін жасайды, олар жұмыс берушінің актісімен бекітіледі.

25. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жауапты қызметкерлердің жалпы кәсіптік құзыреттерін дамытуға арналған оқыту оқу тақырыптары, оқыту нысандары және сағат саны туралы ақпаратты қамтитын үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

Арнайы кәсіптік құзыреттерді дамытуға арналған оқыту саланың ерекшелігі мен өндіріс бейінін ескере отырып, үлгілік бағдарламалар негізінде әзірленген оқу бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

26. БОӘО жауапты жұмыскерлердің жалпы кәсіптік құзыреттерін дамытуға арналған үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлейді.

Үлгілік оқу бағдарламалары еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның сайтында орналастырылады.

Құрылымдық бөлімшелердің басшыларын оқытуды жүргізуге арналған үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

қызметі басшылармен, өндіріс бейіні бойынша бас мамандармен және құрылымдық бөлімшелердегі еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалармен бірлесіп, оқытушы ұйымының басшысы бекітетін өндіріс бейінін ескере отырып, арнайы құзыреттерді дамыту жөніндегі оқу бағдарламаларын әзірлейді.

27. Жалпы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқыту ұзақтығы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша мынаны құрайды:

1) бірінші басшылар, олардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша уәкілетті адамдары, сондай-ақ бес және одан да көп жалдамалы жұмыскері бар жеке кәсіпкерлер үшін – кемінде 16 (он алты) академиялық сағат, үш жылда бір рет;

2) еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары, ұйымдарда жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің функцияларын орындайтын тұлғалар үшін – кемінде 40 (қырық) академиялық сағат, үш жылда бір рет;

3) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар үшін – үш жылда бір рет өткізілу кезеңділігімен кемінде 24 (жиырма төрт) академиялық сағат;

4) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес төрағалары үшін – кемінде 24 (жиырма төрт) академиялық сағат, кәсіби қызметінде бір рет.

ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлерді және кәсіптік тәуекелдерді бағалау жөніндегі сарапшыларды (бұдан әрі – КТБ сарапшылары) оқыту ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлер үшін кемінде 72 (жетпіс екі) академиялық сағат және КТБ сарапшылары үшін кемінде 80 (сексен) академиялық сағат оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады және тестілеу нысанында білімдерін тексерумен аяқталады.

1 (бір) академиялық сағат кемінде 40 (қырық) минутқа тең.

28. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша арнайы кәсіптік құзыреттерін дамытуға арналған оқытудың ұзақтығы мынаны құрайды:

1) еңбекті қорғау қызметтерінің мамандары, сондай-ақ жұмыс берушінің бұйрығымен (өкімімен) еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты болып тағайындалған мамандар үшін – кемінде 40 (қырық) академиялық сағат, мерзімділігі үш жылда бір рет;

2) еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар үшін – кемінде 40 (қырық) академиялық сағат, мерзімділігі жылына кемінде бір рет.

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің төрағалары үшін – кемінде 40 (қырық) академиялық сағат, өз өкілеттігі (кәсіби қызметі) мерзімі ішінде бір рет.

29. Оқытушы ұйымдарында жалпы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқытудан: бірінші басшылар, олардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша уәкілетті адамдары, бес және одан да көп жалдамалы жұмыскері бар жеке кәсіпкерлер, еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары, сондай-ақ жұмыс берушінің бұйрығымен қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің функцияларын орындайтын адамдар өтеді.

30. Оқытушы ұйымдарында арнайы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқытудан еңбекті қорғау қызметтерінің мамандары, жұмыс берушінің бұйрығымен (өкімімен) қауіпсіздік және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты болып тағайындалған мамандар, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар, сондай-ақ қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің төрағалары өтеді.

31. БОӘО-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жалпы кәсіптік құзыреттіліктерді дамыту бойынша оқытудан еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестердің төрағалары, ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлер, КТБ сарапшылары өтеді.

32. Білімді тексеру үшін БОӘО жалпы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша емтихандық тесттер әзірлейді.

Тест сұрақтары үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны мен көлеміне сәйкес болуы тиіс және:

1) бірінші басшылар, олардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша уәкілетті тұлғалары, сондай-ақ бес және одан да көп жалдамалы жұмыскері бар жеке кәсіпкерлер үшін – кемінде 50 (елу) сұрақтан;

2) қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес төрағалары мен еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар үшін – 60 (алпыс) сұрақтан аспайды;

3) еңбекті қорғау қызметтерінің басшылары, ұйымдарда жұмыс берушінің бұйрығымен тағайындалған қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің функцияларын орындайтын тұлғалар үшін – кемінде 80 (сексен) сұрақтан;

4) ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлері үшін – 80 (сексен) сұрақтан аспайды;

5) КТБ сарапшылары үшін – кемінде 80 (сексен) сұрақтан тұрады.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімді тексеруден өту үшін шекті көрсеткіш – тест бойынша дұрыс жауаптардың 70 (жетпіс) пайызын құрайды.

1), 2)-тармақшаларда көрсетілген білім алушылардың санаттары үшін тестілерді орындаудың жалпы уақыты тармақшаларда көрсетілген 90 (тоқсан) минутты құрайды. Осы тармақтың 3), 4), 5)-тармақшаларындағы көрсетілген білім алушылардың санаттары үшін - 120 (жүз жиырма) минут. Тесттерді орындауға бөлінген уақыт өткеннен кейін тестілеу автоматты түрде аяқталады.

Емтихандық тестілерді өзектендіру және жаңарту жыл сайын жүргізіледі және олардың жалпы санының кемінде 10 (он) пайызын құрайды.

Білімді тексеруді ұйымдастыру және жүргізу үшін тестілеуден өту рәсімінің сақталуын бақылау мақсатында бейне және аудиофиксациясы бар прокторинг жүйесі пайдаланылады, ол техникалық жарақтандыруға және компьютердің болуына,

Интернеттің кемінде 5 (бес) мб/сек тұрақты жылдамдығына, веб-камераға, микрофонға және жеткілікті көрінуді қамтамасыз ететін жарықтандыруға қойылатын талаптарды қояды.

Алынған жазбалар негізінде тестілеу процесін бақылау барысы мен нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын прокторинг есебі қалыптастырылады. Прокторинг есебі тестілеуден өткен күннен бастап алты ай бойы сақталуға тиіс.

Дербес деректерді қамтитын білімді тексеру нәтижелері Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

33. Осы Қағидалардың 32-тармағында көрсетілген тұлғалардың білімін тексеруді ұйымдастыру және өткізу үшін оқытушы ұйымы білімін тексеруден өтуге үміткер тұлғалардың тізімімен өтінімді осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес электрондық құжат нысанында ұсынады. Өтінім оқытушы ұйымы басшысының ЭЦҚ-мен куәландырылады және БЦЖ-нде жеке кабинет арқылы білімін тексеру күніне дейін кемінде бір жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Өтінім тіркеледі, білімді тексеруден өту басталатын күні мен уақыты айқындалады, БЦЖ-не тіркелу үшін сілтеме қалыптастырылады және хабарлама оқытушы ұйымының жеке кабинетіне, сондай-ақ білімді тексеруден өтуге үміткер әрбір тұлғаның жеке кабинетіне және электрондық поштасына жіберіледі.

Білімін тексеруден өтуге үміткер тұлға сілтеме арқылы өтіп, БЦЖ-нде тіркеледі және білімін тексеруден өтеді.

34. Білімін тексеруден өтуге жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Білімін тексеруді бастамас бұрын электрондық сертификат алуға үміткер адам осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес білімін тексеруден өту тәртібі жөніндегі нұсқаулықпен танысуы қажет.

35. Білімді тексеру нәтижелері бойынша БЦЖ осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мынадай ақпарат қамтылатын электрондық хаттама қалыптастырылады:

- 1) қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруден өтті;
- 2) қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша білімін қайта тексеруге жатады.

Белгіленген үлгідегі сертификаттар мен хаттамаларды беру білімін тексеруден сәтті өткен тұлғаларға білім тексерілген сәттен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмей БЦЖ-нде жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 32-тармағының 1), 2), 3)-тармақшаларында көрсетілген білім алушылардың санаттары үшін білімді қайта тексеру білімді тексеруден өткен күннен бастап бір ай ішінде жүргізіледі.

ЕҚЖЕК бойынша дәріскерлер мен КТБ сарапшыларының білімін тексерудің теріс нәтижесі кезінде осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес білімін тексеруден өту туралы қорытынды хаттама қалыптастырылады.

Қанағаттанарлықсыз нәтиже болған жағдайда КТБ сарапшылары мен ЕҚЖЕК бойынша дәріскерлер үшін білімді қайта тексеру білімді тексерген күннен бастап алты ай ішінде жүргізіледі. Қанағаттанарлықсыз нәтиже қайталанған жағдайда үміткерге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тестілеуден өтудің шекті мәнінен төмен нәтижелері бар тестілеуден өткені туралы анықтама беріледі. Анықтаманың қолданылу мерзімі ішінде емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

36. Осы Қағидалардың 28-тармағында көрсетілген адамдардың біліміне тексеру жүргізу үшін оқытушы ұйымы арнайы кәсіптік құзыреттер бойынша емтихан тесттерін әзірлейді. Тест сұрақтары оқыту бағдарламасының әрбір тақырыбы бойынша жасалады және арнайы кәсіптік құзыреттіліктер бойынша оқу бағдарламаларының мазмұны мен көлеміне сәйкес келуі тиіс.

Тест сұрақтарының жалпы саны 80 (сексен) аспайды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруден өтудің шекті мәні дұрыс жауаптардың кемінде 70 (жетпіс) пайызын құрайды, тесттерді орындауға арналған жалпы уақыт - 120 (жүз жиырма) минут.

37. Арнайы кәсіптік құзыреттер бойынша білімді тексеру оқытушы ұйымдарында күндізгі немесе қашықтықтан оқыту нысанын пайдалану арқылы, оның ішінде "on-line" режимінде тестілеу арқылы жүргізіледі.

Білімді тексеру қорытындылары бойынша оқытушы ұйымдары осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқудан өткен және білімін тексеруден өткен тұлғалар туралы есепті БЦЖ-нде жеке кабинет арқылы ұсынады.

Білімді тексеру емтихан тапсырушының таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.

Білімін тексеру нәтижесі оң болған жағдайда оқытушы ұйымдары осы Қағидалардың 1 және 12-қосымшаларына сәйкес қағаз немесе электрондық нысанда сертификат және хаттама береді.

38. Арнайы кәсіптік құзыреттер бойынша білімін тексеру нәтижелері жетекші актісімен құрылатын емтихан комиссиясының отырысының хаттамасымен ресімделеді, комиссия құрамында кемінде үш адам болады. Емтихан комиссиясының қызметі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Емтихан комиссиясы төраға – оқытушы ұйымының жетекшісі және комиссия мүшелерінен тұрады. Комиссия құрамына осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген мамандардан тұратын адамдар енгізіледі. Тұрақты комиссиялардың төрағасы мен мүшелері осы Қағидалардың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес сертификаттарға ие болуы тиіс.

Білімді тексеру жөніндегі емтихан комиссиясы отырысының хаттамасы қағаз немесе электрондық нысанда ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы және барлық мүшелері қол қояды.

39. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруден өткен жауапты қызметкерлерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық сертификат беріледі. Сертификатқа берілген күннен бастап 3 (үш) жыл қолданылу мерзімі бар сертификаттардың Бірыңғай тізбесінде тіркелген бірегей код беріледі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруден өткен ЕҚЖЕҚ дәріскерлеріне және КТБ сарапшыларға осы Қағидаларға 5 және 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша электрондық сертификат беріледі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі дәріскер сертификатының қолданылу мерзімі – 5 (бес) жыл, КТБ сарапшылары-3 (үш) жыл.

40. Жұмысқа қабылданған еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты жұмыскерлер тағайындалған күннен бастап бір айдан кешіктірмей еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімін тексеруден өтеді.

41. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруден өтпеген жауапты жұмыскерлер оны қайта өткенге дейін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 48-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жұмыстан шеттетіледі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша басшы және жауапты жұмыскер білімін тексеруден қайта өтпеген жағдайда, жұмыс беруші Кодекстің 52-бабы 5-тармағына сәйкес еңбек шартын бұзуға құқылы.

42. Білімін тексеру нәтижелері келесі тексеруге дейін үш жыл бойы БЦЖ-нде сақталады.

43. Білімін тексеру нәтижелерімен келіспеген жағдайда, оқытылған адам (бұдан әрі – Өтініш беруші) Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес БЦЖ-нде "Апелляция" бөлімінде білімін тексеруден өткеннен кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде өтініш береді.

Өтініш беру кезінде Өтініш беруші білімін тексеру нәтижесін мына себептер бойынша сараптай алады:

1) прокторинг жүйесінің жұмысындағы, рәсімнің объективтілігіне әсер еткен бұзушылықтар;

2) жүйенің техникалық ақаулары;

3) басқа да себептер.

44. Өтініш апелляцияларды тіркеу журналында тіркеледі. Апелляция 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырылады. Егер өтініш сағат 16:00-ден кейін келсе, тіркеу күні келесі жұмыс күні болып саналады.

45. Апелляцияға өтініш берген тұлғаның білімін тексеру нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын құжаттар дайындалады: тест сұрақтары мен жауаптары,

апелляцияға өтініш берген адам жауаптары, прокторинг бойынша бұзушылықтар тізімі апелляциялық комиссия мүшелеріне танысу үшін жіберіледі.

46. Апелляциялық комиссия білімді тексеру нәтижелеріне шағымдарды қарастыру мақсатында құрылып, оған БОӘО-ның тест сұрақтарын әзірлеуші 3 (үш) мүшесі кіреді.

Апелляциялық комиссияның құрамы БОӘО-ның басшысы бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссияның қызметін тәуелсіз бақылаушылар: заң шығарушы (өкілдік), атқарушы және басқа мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер, кәсіподақтар, жоғары оқу орындары және басқа ұйымдардан қадағалайды. Тәуелсіз бақылаушылар (кемінде 5 (бес) адам) апелляциялық комиссияның қызметіне ай сайын мониторинг жүргізеді, апелляциялық комиссия отырыстарының материалдарын және қабылданған шешімдерін зерделейді.

Апелляциялық комиссияның шешімдерімен келіспеген жағдайда, тәуелсіз бақылаушылар еркін нысанда қорытынды шығарады.

Апелляциялық комиссия алынған қорытындыны қарап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде негізделген жауап береді.

47. Апелляциялық комиссияның жұмысын БОӘО басшысы немесе төраға болмаған жағдайда төраға орынбасары басқарады. Төраға орынбасары Апелляциялық комиссия мүшелерінің кезекті отырысында таңдалады.

Апелляциялық комиссияның хаттамалық іс жүргізуі орталық жетекшінің бұйрығымен тағайындалған хатшы арқылы жүзеге асырылады.

48. Апелляциялық комиссия осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес хаттамада Өтініш берушінің білімін тексеру нәтижелерін қарап, комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен екі шешімнің бірін қабылдайды:

- 1) апелляцияны қанағаттандырусыз қалдырады;
- 2) апелляцияны қанағаттандыру және тұлғаны қайта тексеруге жіберу.

Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болады. Апелляциялық комиссияның шешімі қатысқан барлық мүшелердің қолымен расталған хаттама арқылы ресімделеді. Апелляциялық комиссия отырысының хаттамасы бір жыл көлемінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі жалпы мүшелердің екі үшінші бөлігі қатысқанда ғана заңды күшке ие болады.

49. Апелляциялық комиссияның хаттамасы негізінде БЦЖ-нде электрондық апелляция хаттамасы қалыптасады және өтініш берушінің жеке кабинеті мен электрондық поштасына жіберіледі.

50. Апелляция нәтижесі оң болса, қайта тексеру күні және уақыты белгіленеді және оны өтініш берушінің жеке кабинетіне және электрондық поштасына жіберіледі.

Бұл ретте өтініш беруші қайта тексеруге бір реттен артық жіберілмейді.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімді сәтті өткен тұлғалардың барлық есебі БЦЖ-нде жүргізіледі.

51. Жауапты жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша білімдерін кезектен тыс тексеруден мынадай жағдайларда:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде жаңа нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілген, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде;

2) жұмыс берушінің шешімі бойынша жаңа жабдықтар мен жаңа технологиялық процестер пайдалануға енгізілген кезде;

3) жұмыс берушінің шешімі бойынша жауапты жұмыскерді басқа жұмысқа ауыстырылған немесе ол еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша қосымша білімді талап ететін басқа лауазымға тағайындалған кезде;

4) жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша соңы адам өлімімен немесе ауыр (мүгедектікпен) аяқталған топтық жазатайым оқиғалар орын алған кезде, сондай-ақ авария, жарылыс, өрт немесе улану кезінде;

5) жұмысында бір жылдан астам уақыт үзіліс болған кезде өтеді.

52. Емтихан комиссиясының шешіміне байланысты дауларды еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган немесе сот қарайды.

53. Ұйымдарда жауапты жұмыскерлерді оқудан және білімін тексеруден уақтылы өтуін бақылауды жұмыс беруші жүзеге асырады.

4-тарау. Жұмыскерлерге, басшыларға және еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарға еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша нұсқау беруді жүргізу тәртібі мен мерзімдері

54. Нұсқау беру сипаты мен жүргізілу уақытына қарай былай бөлінеді:

1) кіріспе;

2) жұмыс орнындағы алғашқы;

3) қайталама;

4) жоспардан тыс;

5) нысаналы.

55. Нұсқаулықтар күндізгі нысанда немесе қашықтықтан "on-line" режимінде желілік технология бойынша жүргізіледі.

56. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқама жұмысқа жаңадан қабылданатын жұмыскерлерге олардың біліміне, осы кәсіп немесе лауазым бойынша жұмыс өтіліне қарамастан жүргізіледі.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кіріспе және бастапқы нұсқама уақытша жұмысшыларға, іссапарға жіберілгендерге, өндірістік оқытуға немесе тәжірибеден өтуге келген оқушылар мен студенттерге жүргізіледі.

Сонымен қатар кіріспе нұсқама өндірістік алаңдарға барған келушілерге және қауіпті өндірістік объектілерді пайдаланатын ұйымдардың аумағында жұмыстар жүргізетін мердігер ұйымдардың жұмыскерлеріне жүргізіледі.

57. Кіріспе нұсқау беруді қауіпсіздік нормаларының талаптарын, стандарттарды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтарды, сондай-ақ өндірісте қауіпсіз жұмыс жүргізу бойынша жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі әзірлеген және жұмыс беруші бекіткен бағдарлама бойынша жүргізеді.

58. Ұйымда (кәсіпорында) кіріспе нұсқаманы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі немесе жұмыс берушінің актісімен осы міндеттер жүктелген тұлға жүргізеді.

Кіріспе нұсқама білімді тексерумен (сұрау жүргізумен) аяқталады. Кіріспе нұсқаманы өткізу туралы осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кіріспе нұсқаманы тіркеу журналында жазба жасалады, онда нұсқамадан өтуші мен нұсқама берушінің міндетті қолы қойылады. Кіріспе нұсқаманы тіркеу журналы Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің талаптарын ескере отырып, қағаз немесе электрондық нысанда жүргізіледі.

59. Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқама ұйымның өндірістік және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары әзірлеп, бекіткен бағдарламалар бойынша жүргізіледі. Бағдарламалар қауіпсіздік нормаларының, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары мен нұсқаулықтарының талаптарын, сондай-ақ өндірісте жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша жұмыс берушінің талаптарын ескере отырып әзірленеді.

Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқама ұйымның барлық жұмыскерлеріне дербес жұмыс басталғанға дейін, сондай-ақ өндірістік тәжірибеден өтуші адамдарға жүргізіледі.

60. Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқау беруді еңбектің қауіпсіз тәсілдерін практика жүзінде көрсете отырып, әрбір жұмыскерге жеке жүргізіледі.

61. Еңбек міндеттері жабдықты қолдану, пайдалану, қызмет көрсету, сынау, реттеу және жөндеумен, электрлендірілген немесе басқа да механикаландырылған қол құралын пайдаланумен, шикізаттар мен материалдарды сақтаумен және қолданумен байланысты емес адамдар оқытуды ұйымдастырушының шешімімен жұмыс орнында бастапқы нұсқау беруден өтуден босатылады. Жұмыс орнында бастапқы нұсқау беруден өтуден босатылатын жұмыскерлердің кәсіптері мен лауазымдарының тізбесін жұмыс беруші бекітеді.

62. Қайталама нұсқау беруден жұмыскерлер біліктілігі, білімі, өтілі, орындайтын жұмысының сипатына қарамастан кемінде жартыжылдықта бір рет (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау курсы бойынша оқытуға жататын басшы айқындаған қызметкерлердің санаттарын қоспағанда) жұмыс уақытында өтеді.

63. Қайталама нұсқау беруді алынған білім мен дағдыларды бекіту үшін жұмыс орнындағы бастапқы нұсқау беруге ұқсас өткізеді.

64. Қайталама нұсқау беру бір типті жабдыққа қызмет көрсететін жұмыскерлерге жеке немесе топта және жалпы жұмыс орны шегінде жүргізіледі.

65. Жоспардан тыс нұсқама жеке немесе бір кәсіп бойынша жұмыскерлер тобына жүргізіледі.

Нұсқаманың көлемі мен мазмұнын оны өткізу қажеттілігін туындатқан себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда жауапты жұмыскер айқындайды.

66. Жоспардан тыс нұсқама мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) жаңа немесе қайта қаралған қауіпсіздік нормалары, қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтары енгізілген кезде;

2) технологиялық процесс өзгергенде, жабдық, құрылғылар мен құралдар, бастапқы шикізат, материалдар және еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін басқа факторлар ауыстырылған немесе жаңғыртылған кезде;

3) жұмыскерлер еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзған жағдайда, бұл жарақатқа, аварияға, жарылысқа немесе өртке, улануға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін болған кезде;

4) бақылау және қадағалау органдарының, ұйымның өндірістік бақылаушы адамдарының талабы бойынша;

5) жұмыс орнында бар факторларға қосымша, КТБ шеңберінде анықталған, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін зиянды және қауіпті өндірістік факторлар мен қауіп көздері анықталған кезде;

б) жұмыс үзілісі 60 (алпыс) күнтізбелік күннен асқан кезде.

Жоспардан тыс нұсқама тіркелген кезде оны өткізу себебі көрсетіледі.

67. Мақсатты нұсқау беру мамандық бойынша міндеттермен тікелей байланысты емес біржолғы жұмыстарды (жүк арту, түсіру, аумақты жинау, ұйымнан, цехтан және учаскеден тыс біржолғы жұмыстар) орындаған кезде, авариялар, стихиялық апаттар мен катастрофалардың зардаптарын жою кезінде, рұқсат беру наряды бойынша жұмыс жүргізген кезде жүргізіледі.

68. Төтенше жағдайлардың салдарын жою жұмыстары кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша нысаналы нұсқаманы төтенше жағдай салдарын жою жөніндегі жұмыстардың басшысы жедел тәртіппен жүргізеді. Нұсқаманы оны өткізу жөніндегі жазбаларды тіркеусіз өткізуге жол беріледі.

69. Нұсқамалар ауызша сұрау немесе тестілеу түрінде білімді тексерумен аяқталады, қажет болған жағдайда қауіптілігі жоғары жұмыстарды қауіпсіз орындау дағдылары да тексеріледі.

Білім мен дағдыларды нұсқаманы жүргізген жауапты жұмыскер тексереді.

70. Қанағаттанарлықсыз білім көрсеткен жұмыскерлер өзіндік жұмысқа жіберілмейді және нұсқау беруден қайта өтеді.

71. Жұмыс орнындағы бастапқы, қайталама, жоспардан тыс және мақсатты нұсқамаларды өткізу, сондай-ақ жұмысқа жіберу туралы нұсқама өткізген қызметкермен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнындағы нұсқамаларды тіркеу журналында (бұдан әрі – Нұсқамаларды тіркеу журналы) осы

Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, нұсқама алушы мен нұсқама берушінің міндетті қол қоюымен жүргізіледі.

Нұсқамаларды тіркеу журналы қағаз немесе электрондық форматта, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып жүргізіледі. Журналды электрондық форматта жүргізген жағдайда, оған енгізілген мәліметтер ЭЦҚ арқылы куәландырылады.

Жоспардан тыс нұсқаманы тіркеу кезінде оны өткізу себебі көрсетіледі.

Нұсқамаларды тіркеу журналын 1-қосымшаға сәйкес нысандағы сертификаты болған жағдайда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты, тиісті оқытудан өткен және білімін тексеруден өткен жұмыскер толтырады.

72. Егер журнал қағаз түрінде жүргізілсе, ұйымның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі (немесе міндеттері жүктелген адам) құрылымдық бөлімше басшысына журналды жүргізу басталған күнін көрсете отырып, қол қойдыру арқылы береді.

Қағаз түріндегі нұсқама тіркеу журналының парақтары нөмірленіп, тігіледі, соңғы бетінде парақтардың саны көрсетілетін арнайы куәландыру парағымен бекітіледі, оған мөр басылып, құрылымдық бөлімше басшысының қолы қойылады.

Журналды толтыру кезінде сызып тастауға және түзетуге жол берілмейді, ал қате толтырылған жағдайда, қате жолдар сызылады, "түзетілгені дұрыс" деген белгі қойылып, қолымен расталады. Нұсқама беруді тіркеу журналы жауапты тұлға толтырады.

73. Жұмыс орнындағы алғашқы нұсқау беруді, қайталама, жоспардан тыс және мақсатты нұсқау берулерді жауапты жұмыскерлер - ұста, бөлім, цех бастығы, тікелей басшы жүргізеді.

5-тарау. Жұмыс орнында тағлымдамадан өткізуді ұйымдастыру және өткізу

74. Жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша тағылымдама (бұдан әрі – жұмыс орнындағы тағылымдама) жұмыскерлердің тиісті кәсіп (лауазым) бойынша жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін қолдану бойынша практикалық дағдыларын меңгеру мақсатында өткізіледі.

Жұмыскерлердің тағылымдамадан өту мерзімдері орындалатын жұмыстардың түріне (күрделілігіне), пайдаланылатын техникалық құрылғылар мен жабдық түріне және кәсіп (лауазым) бойынша жұмыс үзілісіне байланысты белгіленеді.

Жұмыс орнындағы тағылымдама ұзақтығы сол кәсіп бойынша жұмыс өтіліне, операциялардың күрделілігі мен әртүрлілігіне, зиянды және қауіпті өндірістік факторларға, қауіпті жұмыстың түрлеріне байланысты болады. Тағылымдама ұзақтығы біліксіз жұмыскерлер үшін кемінде 16 сағат, білікті жұмыскерлер үшін 40-тен 160 сағатқа дейін белгіленеді.

Тағылымдама бағдарламаларының мазмұны мен оны өткізу тәртібі жұмыс берушімен белгіленеді.

75. Жұмыс орнындағы тағылымдамаға енгізілетін жұмыскерлер алдын ала бекітілген тәртіппен бастапқы (кіріс) нұсқаулықтан сәтті өткен болуы тиіс.

Өндірістік оқыту (тағылымдама, дубляж) жұмыс орнында құрылымдық бөлімше басшысымен тағайындалған, тиісті кәсіп бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс өтілі бар жоғары білікті жұмыскердің басшылығымен жүргізіледі.

Тағылымдама кезінде жұмысшыға еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдері оқытылып, орындалатын жұмыстардың түрін және пайдаланылатын техникалық құрылғылар мен жабдықтарды ескере отырып, қауіпсіздік ережелерімен (талаптарымен) таныстырылады.

76. Жұмыс берушінің шешімі бойынша кейбір жұмыстар үшін, соның ішінде құтқару жұмыстары бойынша, кезеңдік жаттығулар және/немесе оқу-жаттығулар қарастырылуы мүмкін. Осы жаттығулар мен оқу-жаттығулар құрамына қажетті жеке қорғаныс құралдарын қолдану (пайдалану) бойынша практикалық дағдыларды бекіту енгізілуі тиіс.

Осындай жаттығулар мен оқу-жаттығулардың өткізілу жиілігі мен мазмұны жұмыс берушімен, мемлекеттік нормативтік еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын қамтитын нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, белгіленеді.

6-тарау. Оқытушы ұйымдарының тізбесін және Сертификаттардың бірыңғай тізбесін жүргізу тәртібі

77. Осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес оқытушы ұйымдарының тізбесіне енгізу үшін оқытушы ұйымы жұмыс берушінің Жеке кабинеті арқылы БЦЖ-не өтінішті қазақ немесе орыс тілінде және мынадай құжаттарды береді:

1) Жарғы;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру саласындағы практикалық жұмыс тәжірибесінің 3 (үш) жылын растайтын өтініш берілген күнге заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама;

3) еңбек шарты бойынша немесе азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс істейтін, осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттардың Бірыңғай тізбесінде тіркелген ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлердің электрондық сертификаттары бар кемінде 2 (екі) дәріскерлердің бар екендігі туралы растайтын құжаттар.

Оқытушы ұйымы сенімсіз салық төлеушілер тізілімінде және жосықсыз өнім берушілер тізілімінде болмауға тиіс.

Оқытушы ұйымының меншік құқығында немесе жалдау құқығында аудио-, бейнетехникамен, дербес компьютерлермен немесе планшеттермен жабдықталған оқу

сыныбы; білім алушыға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпаратты қамтитын беттері бар білім беру порталы; салалық ерекшелік ескеріле отырып, қазақ және орыс тілдеріндегі әрбір оқыту бағыты бойынша оқу-әдістемелік материалдары (оқу құралдары, дәрістер), оқу жоспарлары мен бағдарламалары болуы және олар оқытушы ұйымының басшысымен бекітілуі тиіс.

Құжаттарды ұсыну оларды мемлекеттік цифрлық жүйелерден, оның ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 45-бабының 5-1-тармағына сәйкес цифрлық құжаттар сервисінен алу мүмкіндігі болған кезде талап етілмейді.

БЦЖ-не цифрлық құжаттар Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының талаптарына сәйкес, құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен келіп түседі.

78. БОӘО өтініштерді есепке алу журналында БЦЖ арқылы тіркейді, өтінішті және оқытушы ұйымының растайтын құжаттарын олар тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

БОӘО қабылдаған оң шешім кезінде оқытушы ұйымы оқытушы ұйымдарының тізбесіне енгізіледі. Өтініш берушіге бес жұмыс күні ішінде білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізу туралы БЦЖ-не электрондық хабарлама жіберіледі.

Осы Қағидалардың 77-тармағының 1-3-тармақшаларында көрсетілген ұсынылған құжаттар толық болмаған жағдайда өтініш берушіге 5 (бес) жұмыс күні ішінде білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізуден бас тарту туралы БЦЖ-не электрондық хабарлама жіберіледі.

Бас тартуды алған кезде оқытушы ұйымы бас тарту себебін жояды және жаңа өтінім береді.

79. Сертификаттардың бірыңғай тізбесі БЦЖ-нде білімді сәтті тексергеннен және осы Қағидаларға 2, 5 және 13-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша білімді тексеруден өткенін растайтын электрондық сертификатты автоматты түрде бергеннен кейін, даярлау, қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру бағдарламасының бағытын көрсететін бірегей код беріле отырып қалыптастырылады.

80. ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлердің электрондық сертификатын алуға және сертификаттардың бірыңғай тізбесіне енгізуге үміткер тұлға БЦЖ-ндегі жеке кабинеті арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында оқуға өтінім береді.

ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскердің электрондық сертификатын алуға және сертификаттардың Бірыңғай тізбесіне енгізуге үміткер адам мынадай біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс:

тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім /құқық/техникалық/ – бакалавриат немесе мамандық; немесе жоғары (бейінді емес) білім – бакалавриат және қызмет бағыты бойынша қосымша кәсіби қайта даярлау бағдарламасы;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында немесе қауіпті өндірістік объектілерін пайдаланатын ұйымдарда, не оқытушы ұйымда кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

соңғы үш жыл ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық сағат көлемінде оқудан өтіп, білімін тексеру сертификатының болуы;

біліктілігін, арнайы жобаларға қатысуын, оқудан өткенін немесе мәлімделген қызмет бағытына байланысты өзге де кәсіби қызметін растайтын құжаттардың болуы.

Дәріскерлерді даярлаудың халықаралық бағдарламалары бойынша алынған сертификаттар Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптары бойынша білімін тексеруден өткеннен кейін ЕҚЖЕҚ бойынша дәріскерлердің электрондық сертификатына теңестіріледі.

Дәріскерлерді даярлаудың халықаралық бағдарламалары бойынша сертификатталған адамдар сертификаттардың Бірыңғай Тізбесіне тіркелу үшін БЦЖ-ндегі жеке кабинеті арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында білімін тексеруге өтінім береді.

81. КТБ бойынша сарапшы сертификатын алуға үміткер адам БЦЖ-нде жеке кабинеті арқылы ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында оқуға өтінім береді.

КТБ бойынша сарапшы сертификатын алу және сертификаттардың бірыңғай тізбесіне енгізу үшін үміткер мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс:

тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша жоғары білім (жұмыс өтіліне талап қойылмайды) немесе кәсіптік білім және арнайы даярлық;

еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді аттестаттау саласында практикалық жұмыс тәжірибесінің және/немесе еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы (халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы сарапшыдан және Еңбек медицинасы (кәсіптік патология) саласындағы маманнан басқа);

соңғы үш жыл ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кемінде 40 (қырық) академиялық сағат көлемінде оқудан өтіп, білімін тексеру сертификатының болуы;

өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт-техникалық минимум бойынша куәліктерінің болуы;

кәсіби қызметтің жалпы және арнайы мәселелеріне сәйкес келетін қосымша сертификаттардың болуы (ол болған жағдайда).

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

мәселелері бойынша оқытудан,
нұсқау беруден және білімін
тексеруден өткізу қағидалары
мен мерзімдеріне 1-қосымша

Оқу орталығының атауы

С Е Р Т И Ф И К А Т Бірегей нөмірі № _____ берілді _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Осы арқылы, ол еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы арнайы кәсіптік құзыреттерді дамыту бойынша оқытудан сәтті өткен және білімді тексеруден өткені _____ саласы үшін. оқу бағдарламасына сәйкес (_____ сағат) расталады.

Білімді тексеру нәтижесі: _____

Берілген күні: 20__ ж. " " _____

Жарамдылық мерзімі: 202__ ж. " " _____

Қала: _____

Оқытушы ұйымының басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда): _____

(қолы)

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 2-қосымша

Бірыңғай цифрлық жүйе

С Е Р Т И Ф И К А Т

Бірегей нөмірі № _____ **берілді:** _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Осы арқылы, ол еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша жалпы кәсіптік құзыреттерді дамыту бағдарламасына сәйкес (_____ сағат) білімді _____ үшін

(оқытылатын тұлғалар санаты)

Білімді тексеру нәтижесі: _____

Берілген күні: 20__ ж. " " _____

Жарамдылық мерзімі: 202__ ж. " " _____

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 3-қосымша

(ұйым, кәсіпорын атауы)

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша (жұмыс мамандықтары бойынша) білімді тексеру экзаменациялық комиссиясының отырысының хаттамасы

20 ____ ж. " __ " _____

Комиссия құрамы:

Төраға:

Лауазымы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Комиссия мүшелері: _____

Лауазымы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Лауазымы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

20 ____ ж. " __ " _____ № ____ бұйрығына сәйкес

комиссия емтихан қабылдап, білімді тексерудің түрін анықтады:

(уақытша, қайтадан)

№ п/п	Ұйымның атауы	Тестіленушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Мамандық (лауазым)	(Участок, цех, бөлімше	Білімді тексеру белгісі (тапсырған / білімді қайтадан тексеруге тиіс)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

Комиссия төрағасы: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Қолы: _____

Комиссия мүшелері: _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Қолы: _____

Мөр (МО)

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 4-қосымша

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалар, нормалар мен нұсқаулықтар бойынша білімді тексеру емтиханынан өткені туралы КУӘЛК

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

"

курсы бойынша оқу бағдарламасын сәтті аяқтады:

" _____ "

Комиссия төрағасы: _____

Лауазымы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Комиссия мүшелері: _____

Лауазымы _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Қала: _____

Тіркеу нөмірі: _____

20__ ж. _____

Мөр (МО)

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 5-қосымша

СЕРТИФИКАТ

Бірегей нөмір № _____ берілді: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Осы арқылы расталады, ол: 72 сағат көлемінде дәріскерлерді дайындау, қайта даярлау

және біліктілігін арттыру теориялық курсы аяқтап, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында дәріскерлік қызмет көрсетуге қажетті білімді куәландыратын емтиханды тапсырды.

Білімді тексеру нәтижесі: _____

Берілген күні: 20__ ж. " " _____

Жарамдылық мерзімі: 202 ж. " " _____

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 6-қосымша

Оқытушы ұйымынан білімді тексеруге ӨТІНІШ

Оқытушы ұйымының атауы: _____

БСН: _____

Өтініш берілген күні: _____

Оқытылатын категорияның атауы (оқыту тақырыбы): _____

Оқыту бағдарламасының академиялық сағат саны: _____

№ п/п	Кәсіпоры н БСН	Кәсіпоры н атауы пре дприятя я	Тестілену шінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Лауазым ы	Кәсіпоры н мекенжа йы	Оқушыға О Ұ тағайынд аған бірегей код	Оқытуды ң басталу күні	Оқытуды ң аяқталу күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу

Білімді тексеруден өту нұсқаулығы

1. Электрондық сертификат алу үшін білімді тексеруден өтетін тұлға тіркелуден өтіп, логин мен пароль алады да, Skills.enbek.kz жүйесіндегі жеке кабинет арқылы белгіленген уақыт пен күннен кешіктірмей білімді тексеруді бастайды.

2. Білімді тексеру барысында электрондық сертификат алуға үміткер тұлға:

тек өз қатысуын қамтамасыз етеді, бөгде адамдар болмауы керек; орыннан шықпайды; экраннан басын аудармайды; бейнежазбаны жауып қоймайды; веб-камераны ажыртпайды; жүйенің сұрауы бойынша тұрған орнын 360 градусқа айналдырып көрсетеді; телефонмен сөйлеспейді; басқа адамдарға компьютерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін қосымшаларды (қашықтықтан қол жеткізу бағдарламалары), құлаққап, қосымша электронды, баспа немесе қағаз материалдарды, сондай-ақ басқа заттарды пайдаланбайды.

Білімін тексеруден өту кезінде электрондық сертификат алуға үміткерге қажет болған жағдайда таза қағазды, қарындашты немесе қаламды пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Білімді тексеруді бастамас бұрын электрондық сертификат алуға үміткер тұлға осы нұсқаулықпен танысуы тиіс.

4. Білімін тексеру жүргізу сәтінде денсаулық жағдайы қанағаттанарлықсыз болған тұлғалар бұл туралы оқытушы ұйымына хабарлайды, ал оқытушы ұйымы өз кезегінде білімін тексеру басталғанға дейін ЕУМЦ-ты хабардар етеді. Бұл жағдайда мұндай тұлғалардың білімін тексеру сол күн ішінде басқа уақытта немесе басқа күні өткізіледі.

5. Білімін тексеру барысында жалған тұлға анықталған жағдайда, мұндай тұлғаның білімін тексеру үдерісі тоқтатылады және оған қолжетімділік жабылады.

Бұл ретте, осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша білімін тексеру барысында жалған тұлға анықталғаны туралы акт жасалады.

6. Осы Нұсқаулықтың 2-тармағының талаптарын тестіленуші бұзған жағдайда, мұндай тұлғаның білімін тексеру үдерісі тоқтатылады және оған қолжетімділік жабылады.

Бұл ретте осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша осы Қағидалардың бұзылуы туралы акт (бұдан әрі – бұзушылық туралы акт) бір жұмыс күні ішінде жасалады.

Бұзушылық туралы акт жасалған тұлғалар қайта тестілеуден бұзушылық жасалған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен ерте емес мерзімде өтеді. Осы Нұсқаулықтың 2-тармағының талаптарын бұзған тұлғалардың білімін тексеру

нәтижелері жойылады және қанағаттанарлықсыз деп есептеледі, сондай-ақ жүйе осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "өтпеді" деген белгісі бар хаттаманы қалыптастырады.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар), сондай-ақ жүйенің техникалық ақауы (техникалық іркіліс) салдарынан тестілеуді жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда, білімін тексерудің тиісті кезеңі автоматты түрде аяқталады, ал білімін тексеру рәсімінің әкімшісі жүйеде осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық ақау туралы актіні тіркейді.

8. Бұл ретте электрондық сертификат алуға үміткер тұлға білімін тексеруден қайта өтуге жазылу үшін жиырма төрт сағат ішінде жүгінеді.

9. Тест тапсырмаларын орындауға берілген уақыт аяқталғаннан кейін білімді тексеру автоматты түрде аяқталады.

10. Электрондық сертификат алуға үміткер тұлға тарапынан осы Нұсқаулықтың 2-тармағының талаптары бұзылғаны проктор тарапынан анықталған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде жүйе арқылы бұзушылықтар тізімі жасалып, ол электрондық сертификат алуға үміткер тұлғаның жеке кабинетінге жіберіледі. Осы Нұсқаулықтың 9-тармағының талаптарын бұзған тұлғалардың білімін тексеру нәтижелері жойылады және қанағаттанарлықсыз деп есептеледі, сондай-ақ жүйе осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "өтпеді" деген белгісі бар хаттаманы қалыптастырады.

11. Электрондық сертификат алуға үміткер тұлға осы Нұсқаулықтың 10-тармағының талаптарын бұзған жағдайда, бір жұмыс күні ішінде білімін тексеру барысында прокторинг жүйесі тіркеген бұзушылықтар тізімі жасалып, ол жүйе арқылы электрондық сертификат алуға үміткер тұлғаның "жеке кабинетіне" жіберіледі. Бұл ретте білімін тексеру нәтижелері автоматты түрде жойылады.

12. Осы Нұсқаулықтың 10-тармағында көрсетілген тұлғалар үшін білімін қайта тексеру білімін тексеруден өткен күннен бастап кемінде 15 жұмыс күні өткеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

13. Тест тапсырмаларын орындауға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін білімін тексеру автоматты түрде аяқталады.

14. Дұрыс жауаптар жүйе арқылы автоматты түрде есептеледі.

15. Білімді тексеру аяқталғаннан кейін жүйе сәйкес нәтижені көрсетеді.

Білімді тексеруден өту
нұсқаулығына 1-қосымша

Білімді тексеру кезінде жалған тұлғаны анықтау актісі

202 _ ж. " ____ " _____ с. _____ мин.

_____ (БОӘО қызметкері)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Азаматтың орнына тестілеуден өту әрекеті анықталды:

ЖСН _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Азамат: _____

ЖСН _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

БОӘО өкілі қолы: _____

Актіні оқып таныстым:

_____ (жоғарыда көрсетілген бұзушылықты жасаған азаматтың қолы, тегі, аты, әкесінің аты

(ол болған жағдайда))

Жоғарыда көрсетілген бұзушылықты жасаған азамат актіні қол қоюдан бас тартқан жағдайда – сәйкес жазба:

_____ (қол, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН – актіні қол қоюдан бас тартқанын растайтын тұлға)

Білімді тексеруден өту
нұсқаулығына 2-қосымша

Білімді тексеру ережелерін бұзу актісі

202_ ж. " ____ " _____ с. _____ мин.

Тестілеу операторы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Білімді тексеруден өтетін тұлғаның 2-тармақтағы талаптарды бұзғаны анықталды:

_____ ЖСН _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

2-тармақ "Білімді тексеруден өту нұсқаулығы" бойынша, Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлердің, басшылардың және қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың оқыту, нұсқаулық жүргізу

және білімді тексеру ережелері мен мерзімдері туралы

Ереженің 8 қосымшасы _____

_____ (бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы))

Ұйымдастырушы қолы: _____

Актімен таныстым: _____

(жоғарыда көрсетілген бұзушылықты жасаған тұлғаның қолы, тегі, аты, әкесінің аты

(ол бар болған жағдайда))

Білімді тексеруден өтетін тұлға актіні қол қоюдан бас тартқан жағдайда – сәйкес жазба: _____

(қол, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), ЖСН – актіні қол қоюдан бас тартқанын растайтын адам)

Білімді тексеруден өту
нұсқаулығына 3-қосымша

Білімді тексеру рәсімін уақытша тоқтату актісі

Күні: _____ Қала: _____

Біз, төменде қол қойғандар, мынаны растаймыз: 20 ____ ж. " ____ " _____ сағ. ____ мин. тестілеу тоқтатылды, себебі:

_____ байланыс ақауы
_____ компьютерлік техника ақауы
_____ электр желісі ақауы
_____ басқа себептер

Тестілеуді тоқтатудың қосымша себептері:

_____ Тестілеу төмендегі тұлғаларға қатысты тоқтатылды:

Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған жағдайда) ЖСН Қолы

Тестілеу залының Бірыңғай оқу-әдістемелік орталығы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің

аты (ол болған жағдайда) және қолы:

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 8-қосымша

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша Бірыңғай оқу-әдістемелік орталығында БІЛІМДІ ТЕКСЕРУ ХАТТАМАСЫ

Оқытушы ұйымының атауы _____

БСН _____

Оқытушы ұйымының білімді тексеру сұранысының нөмірі _____

Оқытушы ұйымында өткізілген оқыту күні: _____

Оқытылатын категорияның атауы: _____

Оқыту бағдарламасының академиялық сағат саны: _____

Білімді тексеру күні: _____

№ п/п	Кәсіпоры н БСН	Кәсіпоры н атауы мен мекенжа йы	Тестілену шінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Лауазым ы	Бірегей нөмір ERM/ LHS-БСН /курстың аяқталу күні/ тіркеу нөмірі	Білімді тексеру нәтижесі Проктори н г нәтижесі (өткен/ өтпеген) Білімді тексеру белгісі (өткен/ өтпеген) қабылдағ ан / қабылдам аған) Ескертпе 1	Проктори н г нәтижесі (өткен/ өтпеген)	Білімді тексеру белгісі (тапсырд ы / тапсырма ды)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Келесі білімді тексеру күні: _____

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне 9-қосымша

Оқу-әдістемелік орталықта дәріскерлер/эксперттердің білімін тексерудің ҚОРЫТЫНДЫ ХАТТАМАСЫ

Оқу бағдарламасының атауы: _____

Академиялық сағат саны: _____

Емтихан өткізу күні: _____

№ п/п	ЖСН	Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Бірегей нөмір ERM/ LHS-БСН/ курстың аяқталу күні/тіркеу нөмірі	Білімді тексеру нәтижесі	Проктори н г нәтижесі (тапсырған / тапсырмағ ан)	Тапсырған / тапсырмағ ан	Квалифик ация	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз

етуге жауапты адамдарды
еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау мәселелері
бойынша оқытудан, нұсқау
беруден және білімін тексеруден
өткізу қағидалары мен
мерзімдеріне 10-қосымша

АНЫҚТАМА

Берілді:

(тегі, аты, әкесінің аты) (ол болған жағдайда) _____

Осы арқылы, ол 202__ ж. " " _____ — " " _____ аралығында "Еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау саласындағы дәріскерлерді дайындау, қайта даярлау және
біліктілігін

арттыру" бағдарламасы бойынша теориялық курс тыңдағаны (_____ академиялық
сағат көлемінде) расталады.

Анықтама берілген негізі:

Соңғы хаттамасы №__ 20 ж. " " _____

Жарамдылық мерзімі: 202 ж. " " _____

Басшы: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

(қолы)

АНЫҚТАМА

Берілді:

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)) _____

Осы арқылы, ол 202 ж. " " _____ — " " _____ аралығында "Кәсіптік
тәуекелдерді бағалау бойынша экспертті дайындау және біліктілігін арттыру"
бағдарламасы бойынша теориялық курс тыңдағаны (_____ академиялық сағат
көлемінде) расталады.

Анықтама берілген негізі:

Соңғы хаттамасы №__ 20 ж. " " _____

Жарамдылық мерзімі: " " _____ 202 ж.

Басшы: _____ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

(қолы)

Жұмыскерлерді, басшылар
мен еңбек қауіпсіздігін және
еңбекті қорғауды қамтамасыз
етуге жауапты адамдарды
еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау мәселелері
бойынша оқытудан, нұсқау
беруден және білімін

**"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы арнайы кәсіптік құзыреттерді дамыту"
біліктілікті арттыру курсы бойынша оқытылған және білімді тексеруден өткен тұлғалар
туралы ЕСЕП**

Оқытушы ұйымының атауы:

Есептің жасалған күні 202__ ж. " ____ " _____

БСН _____

№ п/п	Сертифи к а т тіркеу нөмірі	ЖСН	Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған жағдайд а)	Кәсіпор ы н атауы	Лауазым ы	Академи ялық сағат саны	Өту күні	Сертифи к а т жарамд ылық аяқталу күні	Байланы с нөмірі	Электро ндық пошта
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Жұмыскерлерді, басшылар
мен еңбек қауіпсіздігін және
еңбекті қорғауды қамтамасыз
етуге жауапты адамдарды
еңбек қауіпсіздігі және
еңбекті қорғау мәселелері
бойынша оқытудан, нұсқау
беруден және білімін
тексеруден өткізу қағидалары
мен мерзімдеріне
12-қосымша

Оқытушы ұйымның атауы

**Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі білімді тексеру жөніндегі емтихан
комиссиясы отырысының хаттамасы**

Білім алушылар санатының атауы _____

Оқу бағдарламасының академиялық сағаттарының саны _____

Білімді тексеру күні " ____ " _____ 20__ жыл

Комиссия құрамында:

Төраға _____

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Комиссия мүшелері _____

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бұйрық негізінде " ____ " _____ 20__ жыл № _____

мен емтиханды қабылдадым және белгіледім:

№ п/п	Кәсіпорын БСН	Кәсіпорын атауы мен мекенжайы	Тестіленушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Лауазымы	Бірегей нөмір ERM/LHS-БСН /курстың аяқталу күні/ тіркеу нөмірі	Білімді тексеру нәтижесі Прокторинг нәтижесі (өткен/өтпеген) Білімді тексеру белгісі (қабылдаған / қабылдамаған) Ескертпе 1	Прокторинг нәтижесі (өткен/өтпеген)	Білімді тексеру белгісі (тапсырды) / тапсырмады)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Комиссия төрағасы _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Комиссия мүшелері _____

Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

_____ Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне
13-қосымша

СЕРТИФИКАТ

Бірегей нөмір № _____ берілді: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Осы арқылы расталады, ол " ____ " _____ -ден " ____ " _____ 202__ ж. дейін
80

сағат көлемінде еңбек жағдайларын және кәсіптік тәуекелдерді бағалау бойынша эксперттерді дайындау және біліктілігін арттыру теориялық курсы аяқтап, еңбек

қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында кәсіптік тәуекелдерді бағалау жұмыстарын

жүргізуге қажетті білімді куәландыратын емтиханды тапсырды.

Білімді тексеру нәтижесі: _____

Берілген күні: 20__ ж. " __ " _____

Жарамдылық мерзімі: 202 ж. " __ " _____

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне
14-қосымша

Апелляцияға өтініш нысаны

Кімге: Бірыңғай оқу-әдістемелік орталық

ЖСН:- _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда): _____

Оқушының бірегей коды: LHS-I – ЖСН-кк/аа/жж-реттік нөмір

Байланыс телефоны: _____

Электрондық пошта: _____

Білімді тексеру күні: _____

Мен өзімнің білімді тексеру нәтижесіне қатысты апелляциямды қарауды сұраймын:

Апелляция негізі (қажетін белгілеңіз):

1. Прокторинг жүйесі;
2. Жүйенің техникалық ақаулары;
3. Басқа себептер

Апелляцияның толық негіздемесі:

Апелляция тапсыру ережелерімен таныстым. Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын.

Өтініш берілген күн: 202__ ж. " ____ " _____

Өтініш берушінің қолы: _____

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және

Күні	Нұсқау алған адамның толық тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туылған жылы	Мамандық, лауазымы	Жұмыс орны	Нұсқау алған адамның қолтаңбасы	Қолтаңба	тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)
1	2	3	4	5	6	7	8

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне
17-қосымша
Форма

Жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаманы тіркеу журналы

Мұқаба _____ ұйым, кәсіпорын

Басталды 20____ жылғы _____

Аяқталды 20____ жылғы _____

Кейінгі беттер

Күні	Нұсқау алған адамның толық тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Туылған жылы	Мамандық, лауазымы	Нұсқау түрі (жұмыс орнында бастапқы, қайталау, жоспардан тыс)	Жоспардан тыс нұсқау себебі	Нұсқау берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), лауазымы	Білімін тексеру нәтижесі (өтіп шықты/өтіп шықпады)	Қолы	
								Нұсқау беруші	Нұсқау алған адам
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі оқытушы ұйымдарының тізбесі

№ п/п	Тізімдегі тіркеу нөмірі	Тіркелген күні	БСН	Ұйымның толық атауы	Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Өтініш берушінің пошта мекенжайы	Байланыс нөмірі	Электрондық пошта
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдеріне
19-қосымша

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша сертификаттардың бірыңғай тізбесі

№ п/п	Тізімдегі бірегей тіркеу нөмірі	ЖСН	Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)	Сертификат берілген күні	Сертификат жарамдылық аяқталу күні	Сертификатты қайтару себебі	Тұратын мекенжай	Байланыс нөмірі	Электрондық пошта
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	HS-00001/2512/1								
2	LHS-0001/25/1								